| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды даярлық  сынып** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **Наурыз айы  3-апта 17-20 .03.2025 ж** | | | | |
| **Апта күндері** | **Дүйсенбі   17.03** | **Сейсенбі  18.03** | **Сәрсенбі  19.03** | **Бейсенбі  20.03** | **Жұма** |
| **Күн тәртібі** | **«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында   Тәуелсіздік және отаншылдық айы**<br>**«Апта дәйексөздері»- «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»** | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Салемдесу .<br>Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу. үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу<br>Медбике тексеруі<br>«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру** | . **Ата-анаға кеңес:**<br>Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Омпы**<br>**Мақсаты**:   Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа-тәрбиелейді.  Шарты: Ойын тегіс аланда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді . Мақсат – көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы  20 қадам  екі | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Атбақыл**<br>**Мақсаты**: Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Ойынға екі-екі бала қатысады да қалған балалар көтерушілер болады. Белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын не болмаса томпайын ( сиырдың асығын томпай д.а) алыска иіріп тастайды.Екінші ойыншы қолындағы асығымен немесе | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Көтермек**<br>**Мақсаты**: Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойыдары арқылы балаларға тәрбие беру. Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Арқан тартыс**<br>**Мақсаты**: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың  салт-дәстүрін, әдет- ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмбе сызады да көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек- кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады. Асық жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді. | томпайымен оны атады. Егерде ол тигізсе бірінші бала оны сақасы түскен жерге дейін арқалап барады. Егер тимесе бірінші бала атады, осылайша ойын жалғасады | | жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жогарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады . | |
| | **Мақсаты:** балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбекқорлыққа , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Менің Қазақстаным» ҚР гимні** | **«Кім шапшаң»**<br>Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады | **«Тәрбиеші апайлар»** тақпағын мәнерлеп оқу.<br>Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады. | Тіл ұстарту жаттығулары<br>**«Теңін тап»**<br>Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады. | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті.** | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>**Геометриялық** пішіндегі заттар. -пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**<br>**Ойнай отырып оқимыз-** сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру;<br>-ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>. Геометриялық пішіндегі заттар. -пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>**Геометриялық пішіндегі заттар.** -пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті**<br>**Армысың, әз Наурыз! -** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**<br>**Ойна, ойна, доптан айырылып қалма**! - гимнастикалық қабырғаның басына дейін бір әдіспен өрмелеу, одан келесі арқалыққа өтіп, төмен түсу жаттығуларын дұрыс жасай алуға бейімдеу. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеті**<br>**-«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш»** әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету; | тәрбиелеу.<br>**1 Сурет салу.**<br>**(Шығармашылық іс-әрекеттер)**<br>**Міндеті:**<br>**Орамалды әшекейле. -** балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау;<br>-ұқыпты жапсыруға үйрету;<br>-саусақ моторикасын дамыта отырып, өнерге баулу;<br>-сенсорикалық тәрбиені дамыту;<br>-достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:**<br>**Ғарыш әлеміне саяхат. -** музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту;<br>-динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу;<br>-музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**<br>Көктем белгілері - балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту;<br>-ізденімпаздық-танымдық қызметке деген құштарлығын күшейту;<br>-бірлесіп зерттеулер жүргізуге деген | тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**. Міндеті:**<br>**Дыбыстық талдау -** сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру;<br>-суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>**Футбол ойнаймыз**<br>**(таза ауада) -доппен жасалатын** қимылдарды дұрыс жасай білуге жаттықтыру.Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Жаттығу денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**. Міндеті:**<br>**Әз,Наурызым,армысың(өлеңдіжаттау) қайталау**.Оразақын Асқар-өлеңді тірек сызба бойынша мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату;<br>-сюжеттік бірізділікті сақтау, | бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**<br>**Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны** бойынша әңгімелеп айтуды үйрету;<br>-әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту.<br>-балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:**<br>**Құстар біздің досымыз. -** музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту;<br>-балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру.<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**<br>**Ертегі әлемі** -зейін қойып тыңдауға, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту.<br>-балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | қызығушылығын ояту. | эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту;<br>-ұлттықдәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. | -кейіпкер бейнесін көрсетуге ынталандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Омпы**<br>**Мақсаты**: Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа-<br>тәрбиелейді. Шарты: Ойын тегіс аланда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді . Мақсат – көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызады да көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек- кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Атбақыл**<br>**Мақсаты**: Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Ойынға екі-екі бала қатысады да қалған балалар көтерушілер болады. Белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын не болмаса томпайын ( сиырдың асығын томпай д.а) алысқа иіріп тастайды.Екінші ойыншы қолындағы асығымен немесе томпайымен оны атады. Егерде ол тигізсе бірінші бала оны сақасы түскен жерге дейін арқалап барады. Егер тимесе бірінші бала атады, осылайша ойын жалғасады | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Көтермек**<br>**Мақсаты**: Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойыдары арқылы балаларға тәрбие беру. Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Арқан тартыс**<br>**Мақсаты**: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың салт-дәстүрін, әдет- ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жогарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады . | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады. Асық жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Суретті тіл ұстарту:<br>Ша – ша – ша<br>Айшаның шанасы тама (ша)<br>Са – са – са<br>Қасқыр соқты Мұ (са)<br>Ол – ол – ол<br>Ағашта лимон м(ол)<br>Ра – ра – ра<br>Дүкеннен нан алды Са (ра)<br>Із – із – із<br>Тамаққа қосты сәб(із)<br>Жу – жу – жу<br>Ыдысты тазалап (жу) | Ойын: «Жер,су,ауа»<br>Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.<br>Көрнекіліктер:асық<br>Шарты:балалар дөңгелеіп отырады.Бір бала ортаға шығып балалардыі кез келгінене асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады.Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәбиелеу.Біл бала отатаға шығып,балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібреді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады.Егер бала жер десе,асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды,адамдарды,өсімдіктер ді атайды.Ал су сөзі айтылса,балық балардың аты аталады.Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс.<br>Осылй ойын жалғаса береді. | Ойын: «Лақтыр да,қағып ал»<br>Мақсаты: Балалардыептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты: Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста»,- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды.<br> | Ойын: «Айдаһардың құйрығы»<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>Ойынның шарты: Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады.<br>Ұсыныс: Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады<br><br> | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Таныс тақпақтарды айту»<br>_______________<br>**Мақсаты:**Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуды,қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануды үйрету. | «Сырғанаймыз бәріміз» қимылды ойын<br>_______________<br>**Мақсаты:**Биік емес төбешіктен сырғанауды,салауатты өмір салты туралы ұғымдарды түсіндіруді үйрету. | «Пішіндерді топтастыр» д\о<br>_______________<br>**Мақсаты:** Бір затты топтан бөлуді және топтарға біріктіре алуға үйрету. | «Менің мамандығым»әңгіме<br>_______________<br>**Мақсаты:**Әртүрлі мамандықтардың еңбектерінің мазмұның, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету.. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | . Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | | | | |
| **Серуен** | **Наурыз**<br>Серуен-Бақылау №11<br>**Серуен бақылу:**<br>Ауа райын бақылау<br>Мақсаты:<br>— Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету<br>— Өлі табиғаттағы (күн – жауын) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»<br>Ш. Ахметов<br>Ақ қар еріп,<br>Су көбейіп,<br>Сай-салаға ағады.<br>Бүршік шашып,<br>Жапырақ ашап,<br>Гүл, бәйшешек басады.<br>Бөбектерім, айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>Балаларға сұрақтар<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?<br>*Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>*Аулада жаңбыр жауып тұр ма?<br>* қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады.<br>Зерттеу жұмыстары<br>Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар | **Наурыз**<br>**Серуен**-Бақылау **№12**<br>**Серуен бақылу:**<br>Шырша ағашын бақылау<br>Мақсаты:<br>— Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру;;<br>— Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру;<br>— Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев<br>Қанша заман өткенімен,<br>Ескірмейтін асыл шырша.<br>Алатаудың көктемімен,<br>Доссың ғой сен, жасыл шырша.<br>Өзгермейсің қыс келсе де,<br>Бояыңды оңдырмайсың.<br>Аяз шымшып, тістесе де,<br>Жапырағыңды тоңдырмайсың.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?<br>*Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?<br>*Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер?<br>Тәрбиеші әңгімесі: Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде.<br>Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша | **Наурыз**<br>**Серуен**-Бақылау **№12**<br>**Серуен бақылу:**<br>Су тамшыларын бақылау<br>Мақсаты:<br>—температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;<br>—зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы еріген,<br>Сай қуалай ағады.<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте)<br>♦ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)<br>♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)<br>♦ Шуақты күні ше? (өседі)<br>♦ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады)<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.<br>Еңбек<br>Кішкентайлардың ойын алаңына | **Наурыз**<br>**Серуен**-Бақылау **№**13<br>**Серуен бақылу:**<br>Су тамшыларын бақылау<br>Мақсаты:<br>—температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;<br>—зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы еріген,<br>Сай қуалай ағады.<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте)<br>♦ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)<br>♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)<br>♦ Шуақты күні ше? (өседі)<br>♦ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады)<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік?<br>Еңбек  Жолдарды қоқыстан тазалау.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді үйрету.<br>Қимылды ойын «Қояндар мен аңшылар».<br>Мақсаты: қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту.<br>Жаттығу ойыны<br>Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу.<br>Халық болжамы: Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады.<br>Зерттеу жұмысы: шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру , ерекшеліктерін атау.<br>Еңбек: шырша ағашының айналасын тазалау.<br>Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.<br>Қимылды ойын: Доппен ойын.<br>Мақсаты :Қозғалыс координацияларын дамыту..<br>Жаттығу ойыны<br>Доппен жаттығу.<br>Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>-Орман ел дәулеті, жер сәулеті.<br>-Аяламасаң ағаш та, аспандап өспес.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын<br>«Аяғыңды сулама»<br>Мақсаты:<br>—Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту.<br>Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.<br>Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | жиналған.<br>Еңбек<br>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын<br>«Аяғыңды сулама»<br>Мақсаты:<br>—Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту.<br>Жаттығу ойыны.<br>Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.<br>Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту | |